

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №26 негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының жылдық тәрбие жұмысының есебі

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №26 негізгі орта мектебі тәрбие саласы бойынша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуіріндегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып, жылдық тәрбие жұмысының жоспары жасалды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға негізделген. Тәрбие саласы бойынша 8 бағытқа бөлді. Олар:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие
7. Зияткелік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында білім күніне байланысты «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 1-қыркүйек білім күніне орай мектеп директоры Светлана Кусаиновна құттықтау сөз сөйлеп, мектебіміздің оқушыларына тілегін жолдады. Мектеп табалдырығын аттаған оқушылардың ата-аналарын құттықтап, сәттілік тіледі.

Рухани адамгершілік тәрбие бағытында 5-қыркүйек күні «Өзін-өзі басқару» тобының Қазақтың ұлы көсемі-Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ауыл кітапханасында танымдық сағаты өтті. Ауыл кітапханашысы Гүлден Құралқызы, қазақ тілі пәні мұғалімі Думан Мұратұлы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбек жолына, ақын шығармаларына тоқталды. Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқыды.

13- қыркүйек күні «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының оқушылары Отбасы күніне орай «Отбасы-өмір аясы» деген тақырыпта отбасылық видеоролик, эссе, коллаж жасап сурет салды. Отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында 19-қыркүйек күні мектепте Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасын сайлауы өткізілді. 7-9 сыныптар арасында өткен мектеп президентін сайлауда 9 сынып оқушысы Тельман Дариға Дәуренқызы жеңіске жетті. Президенттікке үміткер болып бес оқушы Тельман Дариға, Смагулова Дариға, Төлеген Балым, Ойрат Қыргүлі, Шынарбек Балауса қатысты. Бесеуі де өз кандидаттығын ұсынып, бағдарламасымен таныстырды. Мектеп оқушыларының сайлауымен 9 сынып оқушысы Тельман Дариға Дәуренқызы ұланбасы болып тағайындалды. Мұндай шара өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге және әділдікке баулыды. Өзара диспут ұйымдастырып, әркім өз бағдарламасының тиімді жақтарын көрсете білді.

Рухани адамгершілік тәрбие бағытында 29 қыркүйек күні «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» (қарттарға көмек) 1-қазан қарттар күні мерекесіне орай, 6 сынып оқушылары сынып жетекшісі Г.У.Сапаровамен Айтбала әжемізге ауласын жинап көмектесті. Іс-шараның мақсаты- қарттар күні аясында қарттарға құрмет көрсетіп, оларды назардан тыс қалдырмау.

Кәсіптік бағдар мақсатында 30-қыркүйек күні мектепте «Дублерлер» күні өткізілді. 7-9 сыныптың «Өзін – өзі басқару» тобы оқушылары төменгі сынып оқушыларына сабақ өткізді. Түскі сағат 16:00 де ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, ұлағатым – үлгі өнегем!» мерекелік концерт өткізілді.

7-8 сынып оқушылары ұстаздар күніне қабырға газетін шығарды.

Рухани адамгершілік тәрбие бағытында 1-қазан күні мектебіміздің «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының оқушылары қарттар күніне орай, оқушылар сынып жетекшілерімен ауыл қарттарына мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында ауыл қарттарының үйінде концерттік бағдарлама көрсетті. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағытында құқықтық тәрбие 13-қазан күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық мәдениетін ілгерілету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық керуені атты «Адал ұрпақ» облыстық форумына 5 сыныптан Матан Айнара және 7 сынып оқушылары барып форумға қатыстырылды.

21 қазан күні мектепте ұстаздар мен оқушылар 25 қазан Республика күніне орай мемлекеттік гимнді орындады.

22 қазан күні «Қыран елім-Қазақстаным» атты 25 қазан Республика күніне салтанатты жиын өткізілді. Оқушыларды «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының қатарына қабылдау жиыны өткізілді. Мектеп директоры С.К.Абенова оқушыларға тілегін айтып сөз сөйледі. Оқушылар мәнерлеп оқулары мен патриоттық әндерін орындады. Мектепте «Жас Ұлан» ұйымына 8 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына 6 оқушы қабылданды.

15 қараша күні Ұлттық валюта күніне орай 5-9 сынып оқушылары сурет салса, 1-4 сыныптың сынып жетекшілері валюта күніне тәрбие сағаттарын өткізді.

17 қараша күні «Аяулы күз, Алтын күз-2022» мерекесінде мен сынып жетекшілері сыныптарымен шығып түсті кеш ұйымдастырылды. Қабырға газетін 6-сынып оқушылары шығарып ілді.

21 қараша күні сыбйлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз тақырыбында 5-9 сынып оқушылары қабырға газеттерін шығарды.

06 желтоқсан күні «Шебер қолдар» қыздар үйірмесімен мектепішілік көрме өтті. Көрменің мақсаты: оқушылардың жасаған жұмыстарының нәтижесімен бөлісіп, еңбекке үйрету. Көрмеге 5-6-7 сынып қыздары квиллинг жасаса, 8-9 сынып қыздары тақия (тюбетейка) жасап қолөнерлерін көрмеге қойды.

15 желтоқсан күні 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай іс-шаралар ұйымдастырылды.

30 желтоқсан күні «Жаңа жыл мерекесі» «Төрле, төрле жаңа жыл!» атты 1-4 сынып оқушылары арасында сағат 10:00 де өтсе 5-9 сынып оқушылары арасында 16:00де концерттік бағдарлама өтті

16 қаңтар күні мектеп кітапханашысы Б.Қ.Оңғарбай мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Д.М.Абеновпен бірлесіп Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына байланысты мектепте «Сөз сұлтаны Сұлтанмахмұт» атты әдеби кеш өтті. Ақынның өмірбаянымен, шығармашылығымен оқушыларға таныстыстырып, шағын видео көрсетілді. Мектеп оқушылары ақын өлеңін жатқа оқыды.

«Жас Ұлан» ұйымының оқушыларымен «Мейірім толы жүрек» акция бойынша мектеп кітапханашысы Б.Қ.Оңғарбайға кітапханадағы кітаптарды реттеп, жинап көмек көрсетті. Бұл шара оқушылардың оқулыққа деген жанашырлығын, оқулықтарды күтіп ұстауға негізделген.

18 қаңтар күні «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары «Нашақорлықтың алдын алу, нашақорлыққа қарсымыз» атты сурет, плакат салды. Салынған суреттер арнайы бұрышқа ілінді. шара мақсаты оқушыларды зиянды әдеттерден алулақ болуға, салауатты өмір салтын сақтауға баулу. Мектебімізде 16 желтоқан тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай 5-9 сынып оқушыларынан мемлекеттік рәміздерге байланысты тест жұмыстары алынды. Тест нәтижесінде гимнның әнін жазған автор мен сөзін жазған авторларды, мемлекеттік гимнның жаңа нұсқасының қай жылы қабылданғандығын шатастырулар кездесті. Алдағы уақытта оқушылармен осы бағытта жұмыстар жүргізіледі.

Мектебімізде 16 желтоқан тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай 2-4 сынып оқушыларынан мемлекеттік рәміздерге байланысты тест жұмыстары алынды. Тест нәтижесінде елтаңбаның авторларын шатастыру, гимнның әнін жазған автор мен сөзін жазған авторларды, мемлекеттік гимнның жаңа нұсқасының қай жылы қабылданғандығын шатастырулар, мемлекеттік рәміздер күні қашан

екенін, гимн сөзі нені білдіретінін шатасшырулар кездесті. Алдағы уақытта оқушылармен осы бағытта жұмыстар жүргізіледі.

09 ақпан күні қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Жырлайды жүрек» атты әдеби кеш өтті. Шараға «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары қатысып ақын өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқыды. Ауыл кітапханашысы Г.К.Ажакованың дайындағын кітап көрмесін тамашалады.

1-4 сынып оқушыларының арасында «қысқы пейзаж» атты сурет көрмесі өтті. Көрме мақсаты оқушылардың қыс мезгілін қалай бейнелей алатындығын, шығармашылықтарын шыңдау. Бастауыш сынып білім алушылары аталған көрмеге белсене қатысты.

Мектеп оқушылары «Асар» қамқорлық акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында оқушылар көп балалы ананың ауласындағы қарды тазалап өз көмектерін көрсетті. «Қыста талай қызық бар» атты қысқы сауықтыру ойындарынан фотоколлаж, видеоролик түсірді. Бұл шара мақсаты оқушылардың қысқы ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ақпан айының 23 күні «Шебер қолдар» ақысыз үйірмесінің қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге 5 сынып оқушылары биссермен жасалған жұмыстарын қойса, 6 сынып оқушылары «Стринг арт» ([шегелер](#) мен [жіптерге](#) негізделген қолмен жасалынған өнер бағыттарының бірі) техникасымен жасалған суреттерін қойды.

1 наурыз Алғыс айту күніне «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» оқушылары аудандық «Алғысымыз шексіз» видеоролигін түсірді. Оқушылар ата-аналарына, мектеп ұстаздарына, ауыл кітапханашысына, мектеп медбикесіне, мектептің кіші қамту қызметкерлеріне, отанға, туған жеріне және тағы басқаларыға өз алғыстарын айтып, мерекемен құттықтады.

8- науырыз халықаралық әйелдер күніне мектепте мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. 1 сыныптың сынып жетекшісі Р.К.Темиржановамен бірге 1 сыныптың қыздары мен 7 сыныптың қыздарын бірлестіріп «Әпкем және мен» сайысы өтті. Жоғарғы сынып оқушылары «Көктем ана» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Мектептің ұлдар қауымы қыздарға арнап 17 қыз әнін орындап қыздарды құттықтады.

22-Наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай «Армысың өз- Наурыз» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концертке мектеп мұғалімдері Бидайық ауылы болып ерулік дәстүрін көрсетсе, мектептің кіші қамту қызметкерлері Отарбай ауылы болып шілдехана дәстүрін, ауыл кітапханасының қызметкерлері Ахмет ауылы болып келін түсіру дәстүрін көрсетті. Бұл шара оқушыларға дәстүрлерді дәріптеп, насхаттау мақсатында ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетті.

Сәуір айында 2-4 сынып оқушылары арасында «Көктем келді!» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылардың салған суреттерінен шағын көрме ұйымдастырылды. 5-9 сынып оқушылары арасында «Құстарға

қамқорлық» ұялар орнатылды, оқушыларға құстар туралы шағын мәліметтер айтылды.

12 сәуір – Ғарышкерлер күніне орай оқушылар сурет салды. Салынған суреттерден көрме жасалды. 7-8 сынып оқушылары арасында ғарышкерлер күніне сайыс ұйымдастырылды. Сайыс нәтижесінде 8 сынып оқушысы Төлеген Балым жеңіске жетті.

12 сәуір сағат 12:00 де мектеп оқушылары арасында «Шахмат ойнау» республикалық челленджіне қатысты. Мектептің жас шахматшы атаған 5 сынып оқушысы Шынарбек Бақберген иеленді.

1-мамыр Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Шараға 1-9 сынып оқушылары әр түрлі ұлт өкілдері болып қатысты. Шара барысында оқушыларға мәліметтер беріліп, оқушылар әр ұлттың өнерлерін көрсетті.

15-мамыр отбасы күніне оқушыларға «Отбасым бақыт мекенім» атты сурет көрмесі өтті. Көрмеге 2-6 сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар отбасының суреттерінен коллаж жасап, сурет салды.

«Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығында «Таза планета менен басталады» атты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату үшін оқушылар әр түрлі тұрмыстық қалдықтардан заттар жасап алып келді.

30 мамыр Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» атты ұранмен 5-9 сынып оқушыларымен спорттық флешмоб ұйымдастырылды.

30 мамыр 5-9 сынып оқушыларымен табиғатқа серуен ұйымдастырылды. Оқушылар табиғат аясында ойындар ойнады.

31 мамыр «Жас ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының отырысы өтті. Отырыс барысында жылдық атқарылған жұмыстар есебіне қорытынды жасалып, оқушыларға жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережелері таныстырылып, видеороликтер көрсетілді.

1 маусым балаларды қорғау күнімен «Түлек 2023-жана Қазақстан ертені» атты мектебімізде соңғы қоңырау өткізілді. 9-сынып мектеппен қоштасып, оқушыларымыз өте жақсы оқығаны үшін мақтау қағаздарымен және әртүрлі шаралардан, олимпиадалардан алған алғыс хаттарымен марапатталды. Мектеп директоры С.К.Абенова және ата-аналар оқушыларға тілектерін айттып, 9 сынып оқушыларына сәттілік тілеп, құттықтау тілектерін айтты.

с

ДТЖЖО



Сапарова Г.У